

2023

ПОДАЙ  
ЗАЯВКУ до  
11.04-не ДЕЙІН  
ӨТІНІМ БЕРІҢІЗ!



YDL

YESSENOV  
DATA LAB



### **Yessenov Data Lab 2023**

Жас ғалымдар үшін деректерді талдау онлайн мектебіне 20 грант

**Yessenov Data Lab 2023** – бұл қазақстандық жас ғалымдардың алған білімдерін әрі қарай қолдану үшін, үлкен деректерді талдаудың базалық дағдыларына нақты практикалық жұмыстарда үйрету, сондай-ақ олардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған 4 апталық онлайн-интенсив.

**Мектепті өткізу мерзімі:** 12 маусым - 8 шілде 2023.

**Қатысушылар саны:** 20 адам.

#### **Бағдарламаның шарттары:**

Бағдарламаға қатысушылары: 18 жастан асқан ҚР азаматтары, жұмыс істеп жүрген ғылыми қызметкерлер, қазақстандық жоғары оқу орындарындағы техникалық және жаратылыстану-ғылыми мамандықтарында білім алып жатқан бакалавриат және магистратура, докторантура студенттері.

#### **Үміткерлерге қойылатын талаптар:**

- күшті аналитикалық қабілеттер;
  - Қазақстанда ғылыми қызметпен айналысуға және/немесе IT технологияларды дамытуға қызығушылығы пен ниеті;
  - статистика және сызықтық алгебра негіздерін білу.
- Өтінім берушіде келесі параметрлерге сәйкес келетін жеке жабдық (компьютер/ноутбук) болуы керек:
- CPU Intel Core i3 және AMD Ryzen 3 және одан жоғары
  - RAM (RAM) 4 Гб және одан жоғары.

**Артықшылық болып табылады:**

- ғылыми салада қызығушылықтың болуы;
- өзінің ғылыми мақалалары, материалдары, кез келген зерттеулердің нәтижелері, және басқалары;
- бағдарламалау қабілеті;
- B1 және одан жоғары деңгейде ағылшын тілін білу.

Оқыту тілі: орыс, техникалық ағылшын тілі элементтерін пайдаланылуы мүмкін.

**Құжаттарды тапсыру мерзімі: 2023 ж. 10 наурыздан 11 сәуірге дейін.**

Қордың сайтында өтінімді толтыру және келесі құжаттарды ұсыну қажет:

1. Жеке куәліктің көшірмесі;
2. Транскрипт (барлық семестрлер) немесе бакалавриатты бітіргені туралы дипломның бағалары бар көшірмесі (магистранттар мен мамандар үшін);
3. «Мен деректерді талдауды үйренгім келеді» тақырыбындағы эссе (7 сөйлемнен кем емес және 750 сөзден артық емес);
4. Түйіндеме;
5. Үміткердің ғылыми зерттеулер саласындағы жетістіктерін және/немесе белгілі бір ғылыми салада білдірілген мүдделерін көрсететін Портфолио және тиісті растауларды ұсыну: меншікті ғылыми мақалалар, материалдар, қандай да бір зерттеулердің нәтижелері және т.б.;
6. Ағылшын тілін меңгергенін растайтын Сертификат (бар болған жағдайда).

*\*Өтінімдерді қабылдау 2023 жылғы «11» сәуірде Астана қ. уақыты бойынша сағат 15:00-де аяқталады (GMT+6). Қабылдау мерзімінен кейін келіп түскен өтінімдер қаралмайды.*